

Ақтөбе қаласы №34 орта мектебі
2024 - 2025 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша
жас маманмен жүргізілген жұмыстың талдау – есебі

2024 - 2025 оқу жылының қазан айында келген қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Бану Рүстемқызы Есенжолға тәлімгер болып бекітілдім. Мақсаты: жас маманның теориялық білім- білігін практикамен ұштастыру; кәсіби шеберлігін шыңдауға ықпал ету.

Міндеттері:


- жас мұғалімге үздіксіз білім берудегі қажеттіліктеріне жәрдем беру, қиындық келтіретін мәселелерді шешу амалдарын көрсету;
- шығармашылыққа баулу;
- озық тәжірибелермен танысып, жаңа технологияларды үйреніп, өмірде қолдануына ықпал ету

Жас маманмен жұмыс жоспары құрылып, соған сәйкес жұмыс жүргізілді. Мектептің жалпы құжаттарымен танысты. Ішкі тәртіп ережесі, еңбек тәртібі туралы, білім стандарты, оқу бағдарламасы туралы айтылды, бағыт – бағдар берілді. Күнделікті сабақ жоспарларының құрылымын күтілетін нәтижеге сай әзірлеуге көмек көрсетілді. Күнделікті сабақ өту аясында көрнекіліктерді тиімділігіне қарай үйлестіру әдістерімен таныстырылды. Сонымен қатар, сынып журналының (BilimClass) стандарт талаптарына сай жүргізілу талаптарымен таныстырылды.

Әдістемелік портфолио жинау бағыттарына көмек берілді. Оқушылар дәптерлерін тексеру, бағалау, оқушы күнделігінің жүргізілу ережелерімен таныстырылды. Сонымен бірге, жұмыс барысында туындаған қиындықтарды анықтау, пайда болған сұрақтарды шешу мәселесіне көмек берілді.

I жарты жылдықта жас маманмен жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деуге болады.

Тәлімгер:



Абдрахова Ж.Ж.

Мұғалім-тәлімгер
Утарбаева Клара Булатовнаның
I жартыжылдықта
жас маманмен атқарған жұмыстары

2024-2025 оқу жылында Балуюанова Дильназ Жандырхановна бастауыш класс мұғалімі, 2 «Ә» класында сынып жетекшісі.

Бірінші жартыжылдықта Дильназ Жандырхановна күнтізбелік тақырыптық жоспар, тәрбие жұмысының жоспарын, күнделікті сабақ жоспарын әдістемелік жетекшісі, тәлімгері, тәжірибелі ұстаздардың қолдауымен құрастырды.

Осы оқу жылында «Оқушылардың әріп тану, сауаттану, санау, буындап оқу, өз бетінше жұмыс жасау, көркем жазу дағдыларын қалыптастыру» өзекті мәселесін басшылыққа ала жұмыстанып келеді. Өзекті мәселені жүзеге асыру барысында: оқушылардың сөйлеу тілін дамыту, сөздік қорын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізуде.

Дильназ Жандырхановна сабақтарында жаңа технология элементтерін пайдалана отырып, оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді, өз бетімен жұмыстануға тәрбиелеп үйретеді. Оқушылармен жеке жұмыс жүргізіп олимпиадаларға, интеллектуалды сайыстарға қатыстырып отырды. «Ақбота-2024» зияткерлік олимпиадасында Абдер А., Майханова Д. «Әдебиеттік оқу» пәнінен, Аманжолұлы Н., Беркінбай Е., Еркінғали А., Есенғалиұлы С., Жарас Е., Ибраһим Ә., Кәдірғалиев Б., Маратов А., Уалиева А. «Математика» пәнінен, Байзолла Санжар «Қазақ тілі» пәнінен, Тайбеков Ануарбек «Жаратылыстану» пәнінен I-орынға, Мейрхан Жібек, Таңжарық Нұрасыл «Математика» пәнінен II-орынға ие болды.

Дильназ Жандырхановна бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған республикалық «Алтын тұғыр» математикалық олимпиадасының аудандық/қалалық кезеңінде III-орынға ие болды. «ПедСтарт» ғылыми-әдістемелік Республикалық білім беру орталығының және Қазақстан Республикасының оқу-ағарту министрлігінің Алғыс хатымен марапатталды.

Дильназ Жандырхановна бастауыш сынып мұғалімдеріне арналған семинар, конференцияларға, әріптестерінің ашық сабақтарына қатысып өз білімін жетілдіреді.

№ 34 орта мектебі 2024 - 2025 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша 2 «Ә» класының
ТЖБ бойынша пәндік көрсеткіштері

№	Мұғалімнің аты – жөні	Пәні	Клас ы	Оқуш ы саны	Орын даға ны	5	4	3	2	Үлгер ім	Сапа		Салыс тыру
											II тоқсан	I тоқса н	
1	Балуанова Д.Ж	қазақ тілі	2 «Ә»	24	24	5	7	12	-	100%	50	58,3	-8,3
2	Балуанова Д.Ж	әдебиеттік оқу	2 «Ә»	24	24	9	7	8	-	100%	66,6	62,5	+4,1
3	Балуанова Д.Ж	математика	2 «Ә»	24	24	7	8	9	-	100%	62,5	66,6	-4,1
				72	72	21	22	29	-	100%	59,7	62,5	-2,8

Мұғалім-тәлімгер

Какенова Каламкас Гельманқызының

I жарты жылдықта

жас маманмен жүргізілген жұмыстың талдау-есебі

2024-2025 оқу жылында жас маман Зиолла Айдана Болатқалиқызына тәлімгер болып бекітілдім. Жас маманды педагог жұмыстары және ережелерімен таныстырдым.

Айдана Болатқалиқызы орыс тілі мен әдебиеті мұғалімі, 6 «Б» класында сынып жетекшісі.

4«А», 4«Ә», 2 «А», 2 «Ә», 6 «А», 6 «Ә», 6 «Б» сыныптарына орыс тілі мен әдебиеті пәнінен 17 сағат апталық жүктеме бекітілді.

Бірінші жартыжылдықта Айдана Болатқалиқызы күнтізбелік тақырыптық жоспар, күнделікті сабақ жоспарын әдістемелік жетекшісі, тәлімгері, тәжірибелі ұстаздардың қолдауымен құрастырды.

25.11.2024 – 29.11.2024ж. аралығында «Учись учиться!» тақырыбында орыс тілі мен әдебиеті апталығы өтті. Апталық жоспарына сәйкес «Любимое время года» тақырыбында ашық сабақ және «Знатоки русского языка и литературы» атты сыныптан тыс шара өткізді.

Айдана Болатқалиқызы сабақтарында қазіргі цифрлық технологияның түрлерін пайдалана отырып, оқушылардың логикалық ойлау қабілетін дамуына ықпал етеді, өз бетімен жұмыстануға тәрбиелеп үйретеді. Оқушылармен жеке жұмыс жүргізіп олимпиадаларға, интеллектуалды сайыстарға қатыстырып отырды.

Айдана Болатқалиқызы тек өз пәнімен шектелмейді. Сонымен қатар мектептің қоғамдық іс-шараларына да белсене атсалысады.

Жас маман Айдана Болатқалиқызы орыс тілі мен әдебиеті пәні сабағын өткізу барысы



Ақтөбе қаласы №34 орта мектебі
Мұғалім-тәлімгер
Есеркенова Айжан Курманалиевнаның
I жартыжылдықта
жас маманмен атқарған жұмыстары

2024-2025 оқу жылында Машимова Гүлдида Асыланқызы тарих пәнінің мұғалімі, 7 «Б» класында сынып жетекшісі.

Бірінші жартыжылдықта Гүлдида Асыланқызының күнтізбелік тақырыптық жоспар, тәрбие жұмысының жоспарын, күнделікті сабақ жоспарын әдістемелік жетекшісі, тәлімгері, тәжірибелі ұстаздардың қолдауымен құрастырды. 2024-2025 оқу жылында 5 «А», 6 «Ә», 7 «Б», 8 «А», 8 «Б» сыныптарына Қазақстан тарихы және дүниежүзі тарихынан, 9 «А» класына дүниежүзі және құқық негіздері пәнінен сабақ береді.

Осы оқу жылында «Оқушылардың бойында коммуникативті дағдыларын қалыптастыра отырып, өз ойын тарихи әңгімелерді ауызша және жазбаша түрде анық жеткізуге дағдылау» өзекті мәселесін басшылыққа ала жұмыстанып келеді. Өзекті мәселені жүзеге асыру барысында: оқушылардың тарихи ойлау жүйесін дамыту, тарихи мәтінмен жұмыс жасауда оқушылардың терминдік сөздік қорын арттыруға бағытталған жұмыстар жүргізуде.

Гүлдида Асыланқызы сабақтарында жаңа технология элементтерін пайдалана отырып, оқушылардың логикалық ойлау қабілетінің дамуына ықпал етеді, өз бетімен жұмыстануға тәрбиелеп үйретеді. Оқушылармен жеке жұмыс жүргізіп олимпиадаларға, интеллектуалды сайыстарға қатыстырып отырды. Дарынды балалармен жұмыс жүргізу барысында 5-11 сынып оқушылар арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық олимпиаданың қалалық кезеңі бойынша 5 «А» класс оқушысы Дәуренова Аңсар Қазақстан тарихы пәнінен III орын, 8 «А» класс оқушысы Жарылғасынов Әлімқожа Қазақстан тарихы пәнінен II орын, 9 «А» класс оқушысы Амангелді Ибрагим құқық негіздері пәнінен II орын алып, облыстық кезеңге жолдама алды. «Дарын» республикалық ғылыми -практикалық орталығы оқушылардың зерттеу жобалары мен шығармашылық жұмыстарының «Зерде» республикалық конкурсының қалалық кезеңі бойынша 5 «А» клас оқушысы Дауренова Аңсар «Қазақ халқының мәдениетіндегі жылқы бейнесінің насихатталуы» тақырыбында ғылыми жұмысын қорғап I орын иеленді. «ПедСтарт» ғылыми – әдістемелік республикалық білім беру орталығы ұйымдастырған жалпы білім беретін мектептерге арналған «Ақбота -2024» зияткерлік олимпиадасында 7 «Б» класс оқушысы Өсер Жанарыс I орын алды.

Гүлдида Асыланқызы тарих пәнінің мұғалімдеріне арналған семинар, конференцияларға, әріптестерінің ашық сабақтарына қатысып өз білімін жетілдіреді.

№ 34 орта мектебі 2024 - 2025 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша
пәндік сапа көрсеткіштері

Сынып	Пәні	«5»	«4»	«3»	Үлгерім	Сапа
8 «А»	Қазақстан тарихы	5	7	7	100%	63,16%
8 «Б»		8	4	6	100%	66,67%
7 «Б»		0	8	10	100%	44,44%
6 «Ә»		6	7	10	100%	56,52%
5 «А»		5	7	7	100%	63,16%
9 «А»	Дүниежүзі тарихы	5	7	6	100%	66,67%
8 «А»		5	7	7	100%	63,16%
8 «Б»		8	4	6	100%	66,67%
7 «Б»		0	8	10	100%	44,44%
6 «Ә»		6	8	9	100%	60,87%
5 «А»		5	7	7	100%	63,16%
9 «А»	Құқық негіздері	7	5	6	100%	66,66%

Ақтөбе қаласы №34 орта мектебі
2024-2025 оқу жылының I жарты жылдығы бойынша
жас маманмен жүргізілген жұмыстың
талдау-есебі

2024-2025 оқу жылынан бастап бастауыш сынып мұғалімі Амантаева Амина Манарбековнаға тәлімгер болып бекітілдім.

Мақсаты: тәжірибелік көмек көрсету, жас маманға жетілдіру мәселелері бойынша теориялық және практикалық білімді және оның сапасын арттыру.

Міндеттері:

-Жас маманның қажеттілігін үздіксіз қалыптастыруды жалғастыру, жаңа түрлерімен меңгеру, әдіс-тәсілдерімен оқыту және тәрбиелеу, үйрету.

-Мұғалімге көмектесу, өз қол жеткізу педагогикалық ғылым мен озық педагогикалық тәжірибені шығармашылықпен, идеяларын оқу-тәрбие процесін еңгізу.

-Жас маманның жаңа еңбек ортасындағы алғашқы жылда теориялық білімін сақтап қана қоймай, оны практикада қолдану дағдыларын қалыптастыруға әдістемелік көмек көрсету.

Жас мамандармен жұмыс арнайы құрылған жоспар бойынша жүйелі жүргізіледі. Онда оқыту технологиялары, педагог мәдениеті, кәсіби шеберлік, сабақты, сыныптан тыс шараларды, сынып жетекшісінің жұмыстарын жоспарлау, талдау, сынып ұжымының тәрбиелік деңгейін есепке алу және т.с.с. мәселелердің шешімін табу қарастырылады. Сонымен қатар, сынып журналының стандарт талаптарына сай жүргізу ерелері туралы таныстырылды. Оқытудың сәтті өтуінің негізі – сабақтың жақсы жоспарлануы. Жас мұғалімдер сабақтың мақсатын нақты анықтап, оның құрылымын жүйелеп, әр сабаққа қысқа мерзімді жоспар жасау, оқушымен жұмыс, дәптер тексеру және бағалау ережелерімен таныстырылды. I жарты жылдық бойынша жас маман Амантаева Амина Манарбековнаның әліппе, математика, дүниетану, жаратылыстану пәндері бойынша сабақтарына қатыстым. Қатысқан сабақтар бойынша сәтті тұстары мен кемшіліктер айтылып, кемшіліктерді бірлесіп шешуге жұмыстандық.

Жас маман Амантаева Аминамен I жарты жылдық бойынша жүргізілген жұмыстар қанағаттанарлық деңгейде жүрді деп есептеймін.

Тәлімгер: *Демеш* Демеубаева Г.А.